

Сағатова А.С.

Фс.ғ.к., философия және мәдениет теориясы кафедрасының қауымдастырылған профессоры,  
Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті, Қарағанды қ., Қазақстан  
e-mail: [asem.sagatova@list.ru](mailto:asem.sagatova@list.ru)

Ақын-жыраулар мұрасы – халқымыздың рухани дәстүріндегі ерекше тағылым. Жалпы философиялық ой, дүниеге көзқарас XV-XVIII ғасырларда ақын-жыраулар поэзия арқылы ұлттық болмысымыздың даралық көрінісі ретінде өзінің тұғырлы орнын алған еді. Бұл тек табиғи дарын иелері – жеке тұлғаға тән көркем шығармашылықтың ақындық, жыраулық саласындағы айрықша қабілет екендігінде сөз жоқ. Бір кереметі сол, бабалар дәстүріндегі осы рухани қазынаның негізін қалаушы ақын-жырауларымыздың табиғи дарын, ерекше қабілет иелері болып келуі. Әрі сол тарихи кезеңдегі қоғамда орны ерекше тұлғалар бір мезетте – туған жерінің қорғаны, елінің қамқоршылары, ер жүрек жауынгер, әрі қолбасшы, әрі жауынгерлердің рухын шыңдаған, табандылыққа, төзімділікке үндеген хас батыр болып келген. Белгілі хандардың ақылшысы, қоғам қайраткері, әскербасы, сонымен қатар, табиғи дарынының арқасында суырып салма ақын да болған ерекше тұлғалар. Елдің бірлігі, халықтың тірлігі, заманның тыныштық берекесі сияқты аса маңызды қоғамдық мұраттардың сақтаушысы, жақтаушысы, ұйытқысы да солар болған.

Жыраулар – жаратылыс философиясының сырын ұғып, өмір тұтқасына дер кезінде жармасып, озбырлармен арбасып, тарихпен сырласып, өз халқының мұңын мұңдаған даналар, ата қонысын сүйіспеншілікпен толғаушылар. Олар өз толғауларында өткенді саралап, бүгінгіні даралап, болашақты болжаған. Сондықтан да олардың суырып салма шешендігі көсемдікке ұласып отырған, әрі қысқа нақыл, шешен сөздердің шеберлері ретінде де халық арасында құрметке бөленген.

Жалпы дәстүр ұғымының күш-қуаты екпінді, қарқынды болса керекті. Оның өткен тарихты бүгінгіге жеткізудегі септігін тигізу мүмкіндігі шексіз. Ендеше дәстүрдің өміршендігі дегеніміз ұрпақтар сабақтастығындағы өмірлік тәжірибеден алары мол тағылымдар үндестігін, жасампаздығының шексіз жалғастылығы. Демек, дәстүр және жалғастық ұғымдары бір-біріне жақын, төркіндес. Ал дәстүрдің жасампаздығы рөліне келер болсақ, оның басты «шарты – оның тұрақты динамикалығы, ылғи да түрленіп, жаңарып, үнемі шығармашылық жағынан байитыны».

Елдің тарихы, ел басынан өткен ұлылы-кішілі оқиғалар, тарихи қайраткерлер туралы деректер, ақылды-аталы сөздер мен өнеге-өсиеттер – осылардың барлығы қағазда емес, халық жадында өлең-жыр, аңыз-әңгіме болып сақталған, ел аузында өмір сүрген. Ұлттық тарихымыздағы ойшыл-кемеңгерлердің айтқан шешен сөздері ұрпақтан-ұрпаққа ауызша тарап, қазақ халқының фольклорында, халық ауыз әдебиетінде ерекше орын алып, дерекнама қорын молайтты. Бұдан түйіндейтініміз, халқымыздың рухани өмірі аса бай, әсіресе ауыз әдебиеті кең тараған. Қазақ кез келген құбылысты өлеңге айналдыра білген. Шыны керек, кең сахараға тән еркін ойлаушылық, ықылым заманнан бергі уақытта ата-бабаларымыздан қалған данышпан, нақыл сөздердің шашауын шығармай, бір жүйеге келтіре сақтап, өзгеріссіз жаттап алушылық және әр кезеңде болашақ ұрпаққа мұра ретінде жеткізу қазақи философиялық ойдың дамуында, тарихында керемет құбылыс. Ендеше тұрмыс-салтқа негізделген болмыстың ойлау тәсілі арқылы жасалған көркемсөз байлығының басты бір саласы ретінде, халық ауыз әдебиеті – танымдық этикалық, адамгершілік, тәрбиелік мәні зор философиялық мәдени дүние.

Дүние кеңістігін шыр айналып, медиен далада көшіп жүрген ата-бабаларымыз тарихи танымды қалыптастырады, табиғаттың, жаратылыстың жұмбаққа толы қыр-сырын алғаш аңғара бастады. Бұл танымдылықтың көш басында көпшілік ішінен дара шыққан ғұламалар, ой-толғамы, даналығы зердесімен ұштасқан, жұлдызы биік асылзада данагөйлер тұрды. Қазақ дүниетанымының дамуында басты арқауы адам мен оны қоршаған орта арасындағы қарым-қатынастың мазмұны мен мәнін дана тұлғалар адамгершілік құндылықтарының негізіне сүйеніп қарастырған. Демек, халық ауыз әдебиетінде, халықтың рухани-мәдени өміріндегі ең бір аяулы, ең бір ардақты өнердің бірі, даналықтың мектебі болған – жыраулық дәстүрі, жыраулардың толғаулары. Бұл – қазақ даласындағы болмыстың рухани-мәдени бітімін көрсететін, өзіндік ерекшелігімен айқындалған, қалыптасқан құбылыс.

Бұқар жырау Қалқаманұлы XVII ғасырдың соңғы ширегінде дүниеге келген. Оның туған жері – Жиделі Байсын. Бұқардың әкесі Қалқаман – батыр болған адам. Жыраудың өмір сүрген уақыты әз Тәуке, Қазыбек би, атақты батырлар Қабанбай, Бөгенбай, Жәнібек, Абылай сияқты елге танымал ел

қорғандары мен билеушілердің заманымен тұспа-тұс келеді. Бұның бәрі жас Бұқардың болашақта танымал қоғам қайраткері болуына, уақыт пен дүниені тануына әсер етпей қойған жоқ. Бұқардың өмір сүрген заманы тарихтың алып тұлғаларының өмір сүрген уақытымен тұспа-тұс келсе керек.

Бұқардың бала жігіт кезінде түйген негізгі түйіні – қазақ сөз өнерінің күші мен құдіреті, көркемдігі мен байлығы болса керек. Осы бай мұрадан ол үйреніп, үлгі алған еді. Әрине, ең алдымен ананың ақ сүтінен нәр алып, ата-баба өсиетін түйсініп өскен бабамыздың өлшеусіз кемелденуіне, бүкіл қазақтың дуалы ауыз сәуегейіне айналуына теңдесіз үлес қосқан оның өскен ортасы – алдыңғы буын ағалар, өз замандастары, кейінгі толқын інілер болған. Баласының ақылы мен адамгершілігіне қарап бағалап, оның еркіне салу – бабаларымыздың туа бітті кеңпейілділігінің ғана көрінісі емес, сонымен қатар, өздерінің болмысымен бірге жаралған жан дүниесінің, әрі сенімділіктің де нышаны болатын. Осындай ерен қасиеттерін бабамыз өмір тәжірибесі мол, көпті көрген кемеңгер ақсақалдардың алдынан өтуі арқылы шындай түскен.

Адам баласы ізденген сайын оның қарым-қабілеті, дүниені тану өрісі өз көкжиегін ашады. Бұл іздеп табуға ұмтылу, талаптану ісі зерделі адамның ғұмыр бойындағы әрекеті. Осыдан адамның кемелденуге деген ұмтылысын көреміз. Сондай белестердің бірі «бақыт» жолында игілікті өмірге құлшынысына ерекше әсер беретін, өнеге, тәлім беретін бір дәуір, кезеңдер даналығы болады екен. Осыдан болар, адам өзінің рухани болмысын нәрлендіріп отырса керек.

Қоғам өмірінің келелі, кесек оқиғаларымен сабақтас бабалар дәстүрінің жетілу белестерін қарастыруда олардың тек қазақ даналығына тән ерекшеліктері жалпы адамзаттық ортақ мәдениет өрісінде алатын орны, мәртебесі зор. Даналар мұрасындағы басты дүниелер ең алдымен адамның рухани жан тазалығы, парасат байлығы, адамгершілік асқақ сезімі болып табылады. Мұндай таза пәк қасиеттер өз бастауын сонау ерте дәуірлерде алғаш адам мен табиғат қатынасының үндестік бірлестігінен, жасампаздық, жарасымдылық үйлесімінен, дүние болмысын түйсіне, тануға ұмтылушылықтан алады.

Демек, өзінің тарихта бай мәдени-рухани құндылықтар мұрасын қадірлеген, сақтай білген, кең құлашты танытып қана қоймай, өркендете білген ұрпақ қана болашақ мүмкіншіліктерін жаңашылдық келбетімен үйлестіре білген жағдайда ғана өз халқының, ұлтының, елінің мақсат мүдделеріне нық қол жеткізе алары хақ.

Осындай ұрпақтар сабақтастығы көпірінің мән-мазмұнын тереңінен ұғынушылық – қазақ сөз өнерінің күші мен құдіреті, көркемдігі мен байлығына деген сүйіспеншілік сезімінің бастауы болса керекті. Осы бай мұрадан ол үйреніп, үлгі алған еді. Әрине, ең алдымен ананың ақ сүтінен нәр алып, ата-баба өсиетін түйсініп өскен бабамыздың өлшеусіз кемелденуіне, бүкіл қазақтың дуалы ауыз сәуегейіне айналуына теңдессіз үлес қосқан оның өскен ортасы – алдыңғы буын ағалар, өз замандастары, кейінгі толқын інілер болған.

Баласының ақылы мен адамгершілігіне қарап бағалап, оның еркіне салу – бабаларымыздың туа бітті кеңпейілділігінің ғана көрінісі емес, сонымен қатар өздерінің болмысымен бірге жаралған жан дүниесінің, әрі сенімділіктің де нышаны болатын. Осындай ерен қасиеттерін бабамыз өмір тәжірибесі мол, көпті көрген кемеңгер ақсақалдардың алдынан өтуі арқылы шындай түскен. Демек, шығармашылықтарының дені халық арасында ауызша түрде тарала отырып, кең құлашты құрметке ие болған, дүйім жұртты аузына қаратқан жыраулардың ой-толғамдарының бастауы халқымыздың көне дәуірлер мұрасынан екендігінде сөз жоқ.

Адамзат баласының бойына бітетін небір қасиеттер ең алдымен жеке тұлға – адам арқылы, соның рухани қасиеті, ішкі жан-дүниесі арқылы оның мәдениет деңгейін көрсетеді. Демек, адам мен мәдениет өзара тығыз байланыста дамып, үйлесімділікте жетіледі. Әр кез мәдениет адамның рухани болмысы ретінде көрінетіндіктен, адам өз кезегінде мәдениеттің қайнар көзі іспеттес. Мәдениет адамзат баласының рухани қалыптасу, жетілу тарихы негізінде оларды өзара бір-бірінен ажырата қарастыруға болмайды. Жеке адамның даралығы, тұлғалығы оның бойына біткен қабілетіне байланысты анықталады. Адамның рухани болмысы, яғни мәдениетінің жетілуі адам өмірінің мәні болып табылады.

Ендеше ерен қасиеттер бойына дарыған, рухани болмысының жоғары дәреже жетілуі – Бұқар жыраудың мәдениеттілігінің айғағы. Оның сөз саптаудағы өрнек нақыштары, шеберлігі, соған арқау болған рухани қабілеті халқының бітім-болмысын тану барысында дамып жетілетіндігі анық. Сөз саптау өнерінде, жыраулық дәстүрдегі даналық толғаулары, ғақлия-ұлағат сөздері, тәжірибесі, өмірі, сайып келгенде, барлығы да осының дәлелі. Яғни, атадан алған ұлағатты тағылымы көкірек көзінің оянуына ықпал етпей қоймағаны белгілі. Туған ортасынан алған тәлім-тәрбиесі, көрген-білгені бүкіл болашағына темірқазық болып қағылды. Бұл бабамыздың өмірінің соңына дейін ұстанып өткен ақ жолына бағыт сілтеді, сөз өрнегіне айналды.

Көпті көрген, яғни «көре-көре көсем болған», көкірек көзі қиядағыны шалатын, ойы орамды, көнені ғана көріп қоймай, болашақты да тап басып, болжам жасай алған, әрдайым халық көңілінен шыға білгендігі оның көсемдігін танытады.

Жалпы қарастырылатын «тақырыптар» аумағы «алғырлықтан, байқампаздықтан, көрегендіктен және білімдарлықтан» туындайтындығы анық. Сол себепті жыраудың «ой-қиялы өткір, жүйрік сезімтал болған, бейнелеу тәсілі өрнекті, әсерлі болып, осы арқылы болмыстың жаңа бір тын» қырлары сараланып отырған. Соған қарағанда кез келген шығармашылықты тұлғаның қолданысындағы бейнелі түрде суреттелетін көркем сөз кестесі – оның рухани қызметінің ерекше саласы ретінде шығып отырған. Сөз өнерін зерттеушілер айтқандай, сондай керемет өлең-жыр, өлең-сөз тілі – «образды, бейнелі, мәнерлі, нұрдай таза, мөлдір тіл» Бұқар жырауға да тән болса керекті.

Сөз өнерінің негізгі жанры өлең-жыр, өлең-сөз тілін – «сиқыршы» ретінде сипаттау тегін емес, себебі, автор жалпы шексіз дүниенің, табиғат сұлулығын, адам болмысын, жансыз заттар дүниесін өзінің образдық бейнелі сөз өрнегімен жеткізуде өлең жолдарымен қамтып сыйғыза білудің өзі керемет құдірет. Осы арқылы шығарма (өлең жолдары) өмірдің шынайы көрінісіне тереңнен бойлап, ал туындыгер, шығармашы сөз өрнектеудің амал-тәсілдерінің құдіретін меңгеруге, игеруге ұмтылады.

Жыраулық дүниенің күш-қуатын, көкіреkkөзі, түйсік-зердесі, халықтың салт-санасын, болмыс-бітімін, арман-мұраттарын, өзіндік тұрмыс-тіршілігін шынайылықта таныту құралы бұл – тіл, әр халықтың өз ана тілі. Ол адамзат баласының рухани мұрасының жемісінің көрінісі.

Жыраулар өз шығармашылығында көтеріліп отырған мәселенің мәнін тап басқандай бейнелеп көрсетуде сөз өрнектерінің небір бейнелеуші көркемдегіш құралдары ретінде мифология, эпос, дінге қатысты немесе жануарлар дүниесін, табиғат әлемінің тылсым сырларын, жалпы фольклорлық кейіпкерлер есімдерін қолдану әдісін де жетік меңгерген. Әсіресе тұлғаның есімін танытуда, елі-жері үшін сіңірген еңбегін бағалай отырып, халық алдындағы беделін, қадір-қасиетін көрсетуде салыстыру әдісі ұтымды пайдаланылған, соның негізінде метафоралық жүйе басым түсетін болған.

Бұл ғұмырда адам болып өмірге келген соң, бұл өмірден өкінбей адам болып өткен жөн дейді. Бір іске жалтақтамай батыл кіріссең, белді бекем бұған кезінде де өзгелерге билік жүргізбе дейді. Бақытқа, дәулетке кенелген шағында не істесең де табысты боларсың, ал бақтан ада болған шағында барынды жоғалтарсың дейді. Әр адам өзінің осы дүниеде бар екеніне, денінің саулығына, қол жеткізген табыстарына, жеткен биігіне тәубесі болғаны жөн. Яғни, тағдырға ризашылығын білдіріп, шүкіршілік қылу, тәубе деу, қанағат тұтушылық ұстанғаны дұрыс.

Қанағат – иманы кәміл мұсылман кісінің бойында көркем мінезге жататын әдептілік, әрі рухани қасиеттердің бірі. Ал адам баласын жақсы мінез-құлыққа, жақсылыққа тәрбиелеу – көне түркілік дәстүрден келе жатқан басты қағида ислам дінімен жалғастық, үйлесім тауып, оның да негізгі мақсаты болған. Әдептіліктің басты белгісі, адам баласының сана-сезімі мен іс-қимылындағы жақсы әдет осы – қанағатшылық. Ал енді осы қасиетті әдетке айналдырған жағдайда игілікке қол жеткізеді екен. Себебі бұл әдет адамды адамгершілік жолынан тайдырмайды, кез келген сәтті қанағат тұтады.

Кез келген адам шын ниетімен өз қолынан келгенше қандайда бір әрекет жасаса, сол әрекетінің нәтижесі мөлшері, жемісі қаншалықты болса да соны қанағат тұтушылық. Бұл өз кезегінде, адамды шыдамдылыққа, төзімділікке, мінездің сабырлылығына да шыңдайды. Әрі астамшылыққа, көрсеқызарлыққа, сұғанақтылыққа жол бермейді. Қанағат ұстанған адам жұмсақ, кішіпейіл де қарапайым болып, көптің құрметіне бөленеді. Демек, бұл «әдет» баршаның бойына жарасатын көркем мінез әрі ешқашан да ортаймайтын жақсы мінездің жауһары дегенге саяды.

Екінші бір қыры, күнәдан бас тарту, райдан қайту, істегеніне өкіну, көңілдегі жаман ойлардың түйінін шешіп Хакқа оралу екен. Ал енді түркілік дүниетаным тұрғысынан қарастырар болсақ, қазақта «тәубеге келді», «тобаңа кел» деген түсініктер игілікке тілектестік, игі ниеттілік, ақкөңілдік, ізғиетшілік, ақжүректік, ақ ниеттілік, ғиянаят (мейірімділік), дұғагөйлікке шақыруды білдіреді екен. Бұқар жыраудың әңгімесі қайырымды іс, жақсылыққа шақырған өнегелі әрекеттерді баяндаушылық. Өсиетті ұрпақтары есте ұстаса деген ниет бар, нұр үстіне нұр жауар еді. Дүние сырын терең таразылаған ғақылия ой-пікірлер.

Сонымен, Бұқар жыраудың рухани болмысының қалыптасуына, адамгершілік парасаты, имандылық, көркемдік-эстетикалық талғам-танымының өрлеуіне арқау болған қайнаркөздерді қарастырсақ.

Біріншіден, дәстүрлі түркілік дүниетанымның ойшылдың философиялық санасына, көзқарасының қалыптасуына ерекше ықпал жасаған арнаның бірі деп көрсетудің жөні бар. Жалпы адамның дүниені тануға құштарлығы оның табиғатындағы ойлау қабілеті мен алған біліміне, рухани туындатушылық шабытының ізденісінің мәніне сайма-сай келуі қажет.

Екіншіден, ерте заманнан бастау алып, сан ғасырлар бойы халықтың өзімен бірге жасасып, екшеленіп, кейінгі ұрпаққа мұра болған өнегелі даналық үлгілерінің сан салалы түрлерімен ұрпақтар сабақтастығын ұштастырған халық ауыз әдебиеті туындылары рөлі зор болған. Сөз құдіретін соншалықты терең түсінуі қазақ халқының халық ауыз әдебиетін жастайынан тұщынып, бойына бар ықылас, ынтасымен сіңіре білгендігі қасиеті танылады. Басқаша айтар болсақ, ауыз әдебиеті – халық даналығының тынық мұхиты. Баланың дұрыс тәрбие алып, жақсы адам болып өсуіне қазақтар ерекше мән берген. Баланы тек оның ата-анасы ғана емес, бүкіл ауыл-аймақ болып тәрбиелеген. Бұл да ежелгі дүние тарихынан бері сан мыңдаған жылдар бойына қалыптасқан дәстүр. Халқымыз атамұра дәстүрін берік ұстаған, үлкенді сыйлаған, кісіге рақымшыл халық болса, соның бәрі жастайынан құлағына сіңіріп, көзімен көргендіктің белгісі.

Үшіншіден, XI ғасырдың түркі тектес халықтардың ортақ рухани мұрасына айналған, аса көрнекті рухани жәдігер Жүсіп Баласағұнның «Құтадғу білік», қазақша мағынада құт әкелетін білім дегенге саяды, аудармасы «Құтты білік» шығармасы;

Төртіншіден, XI-XII ғасырларда ислам дінінің сопылық бағыты өкілі, түркі әлемінің данышпан тұлғасына айналған көрнекті ойшылдардың бірі Қожа Ахмет Иассауи «Диуани хикметі» («Ақыл кітабы») қаламынан туған сопылық сарындағы шығармасы;

Бесіншіден, ойшылдың ой-дүниесінің қалыптасуына шығыс ақындарының шығармашылығы да өз әсер-ықпалын тигізбей қоймады.

Өзіндік рухани ізденісі арқасында бұл мұралардың жауһарын толығымен игерсе керек. Осы арқылы ой-қиялмен тылсым әлеміне самғаған болатын. Осылайша шығыс поэзиясы ойшылдың жан дүниесін оятты, қорландырды.

Алтыншыдан, осының барлығын қорытындылай келгенде, адамшылық жолындағы ислам дінінің рөлі зор болған. Сонымен шығыс даналығы жырауды тәнті етті, тәнті етіп қоймай, философиялық танымына, көзқарасына ықпал еткен, сана-сезімі мен шығармашылығына нәр бергендігіне көз жеткізуімізге болады.

Адам жан-дүниесін, мінез-құлқын бір көргеннен-ақ тап баса танитын, кәнігі психолог қасиеті тағы бар. Яғни, әр сөздің жүректен шығып, жүрекке жетіп отыруын көздеген. Жоқ-жітіктің, әлдіден зәбір көрген әлсіздің жоғын жоқтап, ел мүддесін көздеген, өзінен кейінгі көзінде оты, көкірегінде сәулесі бар, талапты жастарға батасын беріп, өмір бойы жинақталған тәлім-тәрбиесін, ұлағат сөздерін құлақтарына құядан жалықпаған. Бұл бабамыздың бойына біткен дара қасиеттердің жиынтығы іспеттес асқан тәрбиеші болған кемеңгерліктің бір көрінісі болып табылады. Бұдан жылдар тәжірибесі дарытқан ұлттық рухтың болмысын көреміз. Өнегелік, ұстаздық ұлағаты ұшан-теңіз ой сарабы оның ақылман иесі екендігін танытады. Тек сөзімен ғана емес, адамдар мұраты үшін тындырған ісіне қарасаңыз да – данышпандық тұлғасымен дараланып тұрады.

#### Әдебиеттер тізімі

1. Сағатова Ә.С. Ұлы дала рухын асқақтатқан өршіл намыс: Монография / Караганда: Изд-во КарГТУ, 2019.- 148 б.

2. Sagatova A.S. Features of national thinking of the kazakh people / Караганда: Изд-во КарГТУ, 2020.–101 с.

УДК: 297

### МӘШҲҮР ЖҮСІП КӨПЕЙҰЛЫ МҰРАСЫ ЖӘНЕ ГУМАНИТАРЛЫҚ БІЛІМНІҢ РУХАНИ ПАРАДИГМАСЫ

Сайлаубек Т.Т.

магистрант, Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ., Қазақстан

*e-mail:* [sailaubek\\_temirlan94@mail.ru](mailto:sailaubek_temirlan94@mail.ru)

Мәшһүр Жүсіп – қазақ халқының бағына біткен ұлы тұлға, қазақ халқының рухани әлемінің шырағы, ұлттың мәдени кодын сақтауға елеулі үлес қосқан ғұлама. Естіген құлақта жазық жоқ деген принципті ту еткен ғұлама ел елді аралап, қазақтың рухани һәм мәдени мұраларын естіп хатқа түсіріп, ұлт болмысын сақтауға, түп тамырынан ажырап қалмауға үлкен үлес қосты. Оның ұстанымдары прагматизм мен аксиологияның тоғысқан жерінде қалыптасқан. Ғұламаның ел аралап, қазақтың рухани мұраларын жинап, хатқа түсіруі өзінің феноменологиялық зерттеу тәсілімен ұлт болмысын